

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық топ				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезені (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қаңтар айы 3-апта 13.01 -17 .01. 2025ж				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	13.01.2025ж	14.01.25ж	15.01.25ж	16.01.25ж	17.01.25ж
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп » айы: Апта дәйек сөздері: « Әділ заң - тәрегің » нақыл сөз Жүсіп Баласаған				
Балаларды қабылдау	Салемдесу Эр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аударатырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиеші мен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)

			(еңбек іс-әрекеті)	(еңбек іс-әрекеті)	
	Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , тәртіпке, еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	«Табиғат досы» Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Қылқалам ханшасы» Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу.. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	Шаттық шеңбері Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Мақсат-міндеттер. Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойынау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	Қысқы ойындар . (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	Математика негіздері Міндеті: 10- көлемінде тура және кері санау 10-келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету; -назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. -«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу. Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер) Міндеті: Мерекелік дастарқан. (Акварель бояу) -балаларды қазақтың	Математика негіздері Міндеті: Көлемінде тура және кері санау 10-келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. Сауат ашу негіздері . Міндеті: Дыбыстың сөздегі орны [т] -балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету; -берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу	Математика негіздері Міндеті: Заттар тобын салыстыру және санау -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті:	Сауат ашу негіздері Міндеті: Ойнай отырып оқимыз (к) -сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту; -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту. Дене шынықтыру Міндеті Жыл мезгілдеріне саяхат .Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген

дамыту. Қазақ тілі Міндеті Тазалықты сүйеміз - тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тапмақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дене шынықтыру Міндеті Ғарышқа саяхат. -сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. Сөйлеуді дамыту. Міндеті Кім ақылды? (әңгіме) - сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту;	қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; Музыка Міндеті: Айнала ақша қар. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау; -би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту:«Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Үй жануарларының қандай пайдасы бар? - үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге	дағдыларын бекіту. -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті: Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада) -бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату. Көркем әдебиет . Міндеті: Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин - әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Мамандықтың бәрі жақсы. -мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; -ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; -мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Бесік жыры. -лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту; -бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Қазақ тілі Міндеті: Танертең не істейміз? -өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру; -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс	суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету. Көркем әдебиет Міндеті Көркем әдебиет . Міндеті: Бір уыс мақта. (әңгіме кейіпкерлерімен танысу) Ыбырай Алтынсарин - әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. кта. (әңгіме) Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті: Әтеш қай кезде шақырады? -үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау
---	---	--	---	--

		үйрету; -тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету.		айтуға дағдыландыру.	қабілеттерін дамыту; -табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Зерттеу. Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол бермей, суықтан қорғайды деген тұжырымға жетелеу.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!" Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.	Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ұлпақарлардың пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту. Зерттеу. Қардың қайда тезірек еритінін байқау. Қолғапта ма, қолда ма? Неліктен? Қардан не пайда болады? (зерттеу іс-әрекеті)	Қар тазартқышты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу. Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. (зерттеу іс-әрекеті)	Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Шығармашылық іс-әрекет Мақсаты: Балалардың қиялын, көркемдік дағдыларын және	Қимыл-қозғалыс іс-әрекеті Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіру,	Коммуникативтік іс-әрекет Мақсаты: Балалардың сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын	"Серке тарту" Мақсаты: Топтық жұмысқа және күшті дамыту. Ойын барысы:	"Таза орман" Мақсаты: Қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету. Ойын барысы:

және тағы басқа әрекеттер)	эстетикалық талғамын дамыту. Іс-әрекет: "Түстер әлемі": акварельмен немесе гуашьпен сурет салу (мысалы, жылдың мезгілдерін бейнелеу). "Керемет мүсін": саздан немесе пластилиннен жануарлардың, ағаштардың немесе үйлердің мүсіндерін жасау. "Сиқырлы қағаз": түрлі-түсті қағаздарды жыртып, жапсыру арқылы композиция жасау. Шығармашылық дағдыларды дамыту	денсаулықтарын нығайту. Іс-әрекет: "Тепе-теңдік сақта": гимнастикалық скамейка бойымен немесе жіптің үстімен жүру. "Қуып жет!": балалар бір-бірін қуып жетіп, белгіленген жерге дейін жүгіріп ойнайды. "Секіреміз және жүгіреміз": әртүрлі биіктіктегі және ұзындықтағы секірулер орындау. Физикалық дағдыларды дамыту	дамыту. Іс-әрекет: "Сөздерді табайық": әртүрлі заттарға немесе суреттерге байланысты сөздер табу ойыны. "Досыңа айт": балалар бір-біріне қарапайым әңгіме немесе әзілімен бөліседі. "Менің сүйікті ісім": балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын немесе ойындарын таныстырады. Сөздік қорды дамыту Коммуникативтік дағдылар	Балалар екі топқа бөлініп, ортасында «серке» (жастық) болады. Әр топтың міндеті – «серкені» өз жағына тарту. Ұлттық құндылықты дамыту	Алаңға «орман» (ойыншық жануарлар мен ағаштар) жасалады, жан-жағына қоқыстар шашылады. Балалар қоқысты жинап, қағаз, пластик және әйнекке бөледі. Экологиялық мәдениетті дамыту
Балалармен жеке жұмыс	Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру Мақсаты: саусақ моторикасын, ойлауын, тілін дамыту. 	«Менің отаным» тақпақ айтқызу Мақсаты: тақпақты қайталап айту арқылы сөздік қорын, тілін дамыту. Отан Отаным менің Қазақстан. Атыңнан сенің айналам. Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан.	Әр суреттің көлеңкесін тап . Мақсаты: саусақ моторикасын, ойлауын дамыту. 	Баламен жеке жұмыс: Ай аттарын апта аттарын дұрыс айтуға машықтандыру	Баламен жеке жұмыс: Фигураларды жиынтықтарға жина(әрбір жиынтықты сызықпен қорша)
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету				
	Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен	Серуен картотекасы Бақылау: Қардың жаууын бақылау Қардың қалай жерге	Құмды зерттеу" Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын	Серуен картотекасы Бақылау: Қардың үстіндегі іздер Ауладағы немесе жолдағы	Серуен картотекасы Қар мүсіндерін жасау және желді бақылау Мақсаты:	Серуен картотекасы Қардан жол салу және күннің әсерін бақылау Мақсаты: Қардың

	түсетінін, үлпек қарлардың пішіндерін қарастыру. Еңбек әрекеті: Қарды жинау Балаларға шағын күрек беріліп, ауладағы қарды белгілі бір жерге жинау тапсырмасы беріледі. Қысқы ойын: «Қарды кім алысқа лақтырады?» Балалар қар түйіршігін жасап, оны алысқа лақтыруға жарысады. Тәжірибе: «Қардың астындағы не бар?» Балалар қардың астындағы топырақты, өсімдіктерді немесе басқа заттарды зерттейді. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс	зерттеуге үйрету. Ойын барысы: Балалар құрғақ құммен ойнап, оның төгілуін бақылап көреді. Дымқыл құммен түрлі фигураларды қалыптастырады. Зерттеушілік дағдыларды дамыту	адамдар мен жануарлардың іздерін бақылау. Еңбек әрекеті: Қардан ойын алаңын жасау Балалар бірге қарды жинап, оны тегістеп ойын алаңын дайындайды. Қысқы ойын: «Қарлы шарлар» Балалар қарды допқа айналдырып, онымен ойнайды. Тәжірибе: «Суықтың әсері» Қарды жылы бөлмеге әкеліп, оның қалай еріп кететінін бақылау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс	Шығармашылық қабілеттерін дамыту, желдің қасиеттерін түсіну. Еңбек: Балалар топ болып қардан әртүрлі мүсіндер (адам, жануарлар) жасайды. Эксперимент: Желдің күшін анықтау үшін жеңіл заттарды (қағаз, қар) үрлеп көру. Қар ұшқындарының желмен қалай қозғалғанын бақылау. Бақылау: Желдің қар ұшқындарын қалай алып кететінін қарау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс Мүсіндеу дағдысы	жылулықпен өзгерісін түсіну, балаларды ұжымдық еңбекке баулу. Еңбек: Балалар қар күрегімен жол салады. Салынған жолдардың айналасын әдемілеп жинайды. Эксперимент: Қардың күн жылуы әсерінен қалай еритінін бақылау. Қар мен мұзды күннің астында қалдырып, олардың өзгерістерін зерттеу. Бақылау: Аспанды бақылап, күннің жарықтығы мен оның қарға әсерін анықтау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың демалс күндері жайлы әңгімелесу